

Турыскулов У.Ж.¹, *Жолдасбекова Б.А.², Шегенбаев Н. Б.³, Каратаев А. О.⁴

^{1,3,4} *Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

² *М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

^{1,2,3,4} *Қазақстан, Шымкент*

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6432-2813>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9400-9326>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4850-2871>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8297-0044>

*zbibisara@mail.ru

АТА-АНАЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада дене тәрбиесі пәні мұғалімінің білім беру ұйымдарындағы тұлға қалыптастыру ісіне қосар үлесіне назар аударыла отырып, ата-анамен ынтымақтастықты орнатуда ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырудың тиімділігі баяндалады. Білім беру саласына қай кезде де жоғары талап қойылады, қазіргі күнгі тұлға қалыптастыруда тәрбие мен білімнің, ата-анамен жұмыстың, ұлттық құндылықтардың маңызы арта түсті. Жас ұрпақтың дене бұлшық еттерінің жиілікті, тұрақтылықты талап ететін шапшаңдық қасиеттерін қалыптастыру нейробұлшықет қимылының үйлесуі арқылы оның ақыл ой өрісінің дамуына да әсер ететіні белгілі.

Осыған орай, ата-анамен ұйымдастырылатын ұлттық ойындар білім алушының қызығушылығы мен бейімін анықтауға көмектесетіні, одан соң баланың дамуын жіті бақылау үшін өткізілген сайыстардың талдануы, кері байланыс және келесі сайысқа қатысуға ынтасы, бұларға қоса аптасына үш рет өтетін дене шынықтыру сабақтарының үлесі, оқушының аффективті әрекеті, мінез-құлқына ата-анамен өткізілген сайыстардың әсері, сабақ үлгеріміндегі өзгерістер корреляциясына арналған әдебиеттерге шолу жасалды.

Ата-анамен ұйымдастырылатын ұлттық ойындардың тиімділігі дене тәрбиесі пәні мұғалімінің практикаға бағытталған педагогикалық тәсілдерінің нәтижесіне байланысты, сондай-ақ тұлғаның дамуына мониторинг жүргізу арқылы ұлттық ойындардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, сыныпшылық, мектепшілік өткізілетін әрбір сайыстың тұлға қалыптастырудағы тиімділігі, тәрбие мен білім беру ісін кешенді ұйымдастыруға әсері қарастырылады.

Түйінді сөздер: ұлттық ойын, тәрбие, тұлға қалыптастыру, ата-анамен ынтымақтастық, білім беру ортасының қауіпсіздігі, ынталандыру, дене шынықтыру сабағы.

Кіріспе. Педагог мәртебесі, әсіресе дене тәрбиесі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен оның мектеп өміріндегі алатын орны туралы алуан түрлі сындарлы пікірлер бар. Бұл біздің елімізде жалпы білім беру процесінің үздіксіз дамуда екенін көрсетеді. Өзгермелі уақыт талаптарының алдын орауды мақсат ете отырып, педагог білім алушының бойына өмірге қажетті білім мен дағдыларды сіңіруді, заманынан оза туған жүйріктерді баптауды, өз елі мен Отанына қалтқысыз қызмет етуді ойлайтын патриотты тәрбиелеуді көздейді. Бұл білім беру ұйымдарына, әсіресе педагог үлесіне тиетін аса қадірлі де жауапкершілікті іс және бұның жүзеге асуы мектеп – қоғам – ата-ана үшеуінің бірлігінен тұрады. Бүгінгі баланың ертеңгі жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуы үшін терең біліммен қатар, бойдағы білімін шынайы өмірде қолданысқа әкелетін икем дағдысын да баланың жас ерекшелігіне сай жетілдіру керек. Бала – қоғамның маңызды бір бөлігі, бүгінгі қоғамнан алғанын өсе келе, еселеп береді. Қоғам ұғымының қарым-қатынас аясы барынша жаңарғанын ескерер болсақ, қазіргі замандағы қоғамның әлеуметтену құрылымы да өзгеше. Өз қатарластарымен асыр салып ойнайтын бала бұл күнде уақытының басым бөлігін виртуал әлемде өткізетіндіктен, дене тәрбиесі мен денсаулықты күтуге, спортқа, кітап оқуға қызықтырудың маңызы арта түскені сөзсіз.

Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, ең алдымен, педагог ретінде білім беру процесінде тек оқушының дене бітімінің дамуын бақылау мен шынықтыруға немесе түрлі спорт түрлеріне жаттықтыра отырып мектептің жұлдегерлерінің қатарын көбейтуге ғана араласып қоймайды,

сонымен қатар өзінің педагогикалық шеберлігімен білім беру ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық қолайлы ахуалды орнатуға да, білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық денсаулығын сақтауға да, жалпы тәрбие мәселесіне орасан үлес қосады.

Білім беру ұйымдарының ата-анамен ынтымақтастықты орнатуы мен арттыруына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделей келе, мектептің ата-анамен жайлы қарым-қатынас ортасын құру мәселесінде дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру басымдыққа ие екенін аңғарамыз. Ойнай алған бала ойлай да алатынын ескерген халқымыздың ұлттық ойындары да алуан түрлі. Оларды жинақтап, жүйелеп, атау беріп, педагогикалық-теориялық негізін жүйелеген ғылыми еңбектеріміз де бар [1-4]. Дегенмен, ата-анамен ынтымақтастықты арттыруда оқушылардың ата-аналарымен бірге қатыстырылуына ұйымдастырылатын ұлттық ойын түрлері, ойынды өткізудің алгоритмі, қауіпсіздік шаралары туралы мектеп ұстазына әдістемелік тұрғыда жүйеленіп берілуі үнемі назарда ұстауды қажет ететіні рас. Ал сайыс өткеннен кейінгі ата-анамен кері байланыс, өткізілген сайыстың тұлға дамуына әсерін бақылау мен оқушының сабақ үлгерімі нәтижесінің корреляциясын зерттеу, сайыс түрлерінің қайталану жиілігін, тіпті ұлттық ойындарымыздың тұлға тәрбиесінде мектеп – ата-ана – қоғам үштігін нығайтуға қосар үлесін анықтау мәселесі өз деңгейінде әлі ашыла қоймаған сала болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты білім беру ұйымдарындағы ата-анамен ынтымақтастықты орнату жайлы халықаралық және отандық зерттеулерге шолу жасау және оған дене тәрбиесі пәні мұғалімінің ұлттық ойындарды ұйымдастыру арқылы қосар үлесін көрсету. Өйткені, дене тәрбиесіне тәрбиесі пәні мұғалімі атқаратын осы міндеттер тәрбие бағыттарының (жеке тұлғалық және қоғамдық) бірлігі принципін де қамтамасыз етеді.

Әдістер мен материалдар. Біз дене шынықтыру теориясындағы дене сапаларын дамыту, ата-аналармен ынтымақтастық әрекеті арқылы тұлға бойында уақыт талабына сай дағдыларды қалыптастыру тақырыптары бойынша арнайы әдебиеттерге тоқталып, қазіргі өзгермелі қоғамда салауатты тұлғаны қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесіне салыстырмалы-салғастырмалы шолу жүргіздік. Осы орайда білім беру ұйымдары педагогтеріне артылатын жүк салмақты, әсіресе дене тәрбиесі пәнінің мұғаліміне артылатын жауапкершілік те орасан. Сондықтан, зерттеудің эксперименттік материалына орта негізгі білім беру ұйымдары ұстаздарының тәжірибелері алынды. Ата-аналардың, білім алушылардың пікірлеріне көңіл бөлініп, сауалнама, талдау, мониторинг әдістерімен бірге сараптау, болжау әдістері де қолданылды. Негізгі орта білім беру деңгейінде жүргізілген эксперименттік бақылауымыз арқылы жинақталған материалдарды қорытындылау мен статистикалық деректерді өңдеу әдістері де зерттеуімізде орын алды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Білім беру ұйымдарындағы ата-анамен ынтымақтастықты нығайтуда дене тәрбиесі пәні мұғалімінің ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастыруының тиімділігі зерттелді. Біз назар аударып отырған негізгі орта білім беру сатысында оқушының жеке қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың әсері маңызды. Отбасындағы ата-ананың пікірі оқушының тәрбиесіне, оның ішінде дене тәрбиесіне, спорттың белгілі бір түрімен тұрақты айналысуына және спорт түрін таңдауына да шешуші роль атқарады. Көптеген ата-аналар бала психологиясы мен физиологиясы туралы хабары мен педагогикалық бейімі аз болып келеді, тіпті баланың мінез-құлқы оның естіп көргенін қайталаудан қалыптасатынын ескере бермейді. Баланың көз алдында ата-ана үлгі боп табылатындықтан білім беру ұйымының ата-анамен ынтымақтастықта жұмыс жасауы қажетіне орай ата-аналық міндеттерін орындауға бағыттауы керек. Осы мәселеде мемлекет тарапынан атқарылып жатқан жұмыс қарқыны аз емес, «Бала құқығын қорғау» Заңынан бастап, мемлекеттік бағдарламалар мен білім беру ұйымдарында ашылған ата-аналарды бала тәрбиесінде қолдау орталықтары мен тренингтер т.б. Қоғамымызда тұлға қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор ретіндегі ата-ана рөлінің маңыздылығын білсек те, оны тиімді үйлестіруде дене тәрбиесі пәні мұғалімінің рөлін ескере бермейтініміз бар. Мақаланың зерттелу барысында дене тәрбиесі пәні мұғалімі міндеттерінің нәтижелерін талдау арқылы қоғам үшін маңызды бірнеше оң өзгерістерге қол жеткізуге болатыны анықталды:

- бірінші, ата-аналармен ұйымдастырылатын ұлттық ойындар мен спорттық шаралардың түрлері, өткізілу жиілігі оқушының қызығушылығы мен икеміне ата-ананың ықпалын зерделеп, ата-анаға нақты кеңес беру арқылы оқушының білім алу процесіне ынтасын арттырады;

- екінші, дене тәрбиесі пәні оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану бағыттарының барлығын да тұлға дамытуға қажетті дене қимылдарымен қамтамасыз ету арқылы оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді;

- үшінші, ата-ананы мектеп өміріне тартады және отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту арқылы білім беру ұйымының қауіпсіздігін және қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі мұғалімінің жеке тұлғаның қалыптасуына, шынайы өмірге қажетті дағдылар мен білімді дамытуына қосар үлесі де, атқарар қызметі де ерекше. Бала тәрбиесі мен білім-білік дағдыларын қалыптастыру ісі ұстаздар ұжымы мен ата-ананың бірлескен әрекеті арқылы ғана жемісті болары сөзсіз. Әсіресе, жас өспірім балалардың алдында дене тәрбиесі мұғалімінің үлгі боларлық сәттері аз емес. Түрлі жарыстарда қол жеткізген жеңістері мен алқа-медальдеріне үйлесе кететін көркем мінезі, шымыр денесі жасөспірімнің қиялын шарықтатып, болмыс-бітіміне өзгеше әсер ететіні мақтан етуге тұрарлық жайт. Сондықтан да ұстаздың келбеті, ата-анамен тығыз байланыста атқаратын жұмысы - мектеп өмірінің жанды бір бөлшегі болып, нәтижесі мемлекетіміздің адам капиталы саясатына үлес қосумен ұштасып жатады. Жас ұрпақтың қимыл-әрекеттері мен икемінің, сымбатының жас ерекшеліктеріне сай дамуын назарда ұстау арқылы дене тәрбиесі мұғалімі оқушының мінез-құлқы қалыптасуына әсер етіп, жеке тұлғаның қуатты, саналы, білімді болу нәтижесіне қол жеткізеді. Осы нәтижеге қол жеткізудің мақсаты бүгінгі қоғамымызда дене тәрбиесі мұғалімінің маңыздылығы артқанын аңғартады.

«Денсаулығы мықты, дене сапалары, бітімі қалыптасқан адам ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Демек, дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады» [5, 6].

Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің негізгі міндеттеріне оқу бағдарламаларын әзірлеу және оны іске асыру, түрлі спорттық-ойындарға дайындықты ұйымдастыру мен өткізу, сонымен қатар оқушылардың дене белсенділігі мен топтық, ұжымдық рухын нығайтуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу жатады. Ол сондай-ақ оқушылардың дене жағдайының дамуын бақылауға және олардың ілгерілеуін қадағалауға, сыныптағы әр оқушыны жеке индивид ретіндегі дамуын бақылауды қамтамасыз етуге жауапты.

Дене тәрбиесі – білім беру саласының ішінде өзінің көптүрлілігімен ерекшеленетіні аян, дене тәрбиесі мұғалімдері қоғамымыздың мәдени жүйесінде жеке тұлғаны спортқа баулу, патриоттық тәрбие беру, спорт салалары бойынша мамандар даярлауды пән арқылы жүзеге асырады.

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің ата-анамен жұмысты, ынтымақтастықты орнату мәселесі ғалымдар көңілін ертеден аударып жүргені байқалады. Білім беру ұйымындағы дене тәрбиесі пәні мұғалімі сынып жетекшісімен, психолог мамандармен мектеп әкімшілігінің рұқсаты арқылы оқушылардың отбасы және әлеуметтік ортасы, эмоциялық жағдайы жайында ақпараттанып отыруы тиіс. Бүгінгі күні баланың дене тәрбиесі сабағына немесе спортқа қызығушылығын оның қабілеті арқылы анықтау аздық етеді. Оның қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайы, ата-анасының ықпалы мен ықтияры жайында толық мәлімет алып отырудың бірнеше әдістемелік жолдарын зерттеуге халықаралық ғылыми еңбектерде көп мән берілетіні рас. Халықаралық жоғары рейтингті журналдардың басым көпшілігінде ата-анамен жұмыс түрлері, сауалнама түрлері, оларды талдау нәтижелері ұсынылған. Көптеген мақалалар ата-аналармен ынтымақтастықты жетілдіруді зерттеуге бағытталған:

- сауалнамалар нәтижесінде спорт секцияларының нақты бір түрімен айналысуға ниеттенген оқушылардың қатары артқанын,

- бала денсаулығына ата-аналардың көңіл бөлуі әрекетінің жүйеленгенін,
- дене белсенділігін арттыруға арналған жаттығуларды балаларының орындауын тек қадағалаудан гөрі ата-аналардың оқушылармен бірге жасауы маңызды екенін тереңірек түсінгенін,
- білім беру ұйымы тарапынан берілген кеңестерді орындауға және спорттық-жаттықтыру шараларды ұйымдастыруға, бала тәрбиесінде мектеппен ынтымақтастықта болуға ата-ананың қызығушылығы артқанын атап өтеді [7-9].

Сонымен қатар дене тәрбиесі мәселесі еуропа елдерінің білім беру мекемелерінде көбінесе оқушыға қай секцияны таңдау мүмкіндігін берумен ерекшеленеді. Бұл үрдісті еліміздің жоғары білім беру мен кәсіптік білім беру жүйесі қолға алғанын білсек те жалпы орта мектеп жағдайында мәселе өзгеше сипатқа ие боп кететінін жасыра алмаймыз. Әр баланы жеке индивид етінде қарастыратын болсақ, сол индивидтің жүрегіне жол табу, ең алдымен, оның қызығушылықтарын ескеруден басталатынын ұмытпағанымыз дұрыс. Баланың жүрегіне жол табу оның аялап өсіріп отырған ата-анасының әрекетімен бірлесе ұйымдастырылғанда ғана, жеке тұлғаға бағытталған оқу-тәрбие процесін жемісті іске асыра аламыз.

Мағжан Жұмабаев еңбегіндегі: «... ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі зат та берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты» деген жанды пікірінен ойшыл ақынның «деннің саулығы – жанның саулығының іргетасы» деген тұжырымды байқаймыз [10].

Қоғамда тұлға тәрбиесінің іргетасы боп танылатын дене тәрбиесі мәселесінің тарихы сақ дәуірінен бастау алады десек қате болмас. Жауынгер бабаларымыз бала тәрбиесіне, сымбатына, сын-сипатына, мінез-құлқына ерекше мән берген. Сыртқы жаудан қорғанудың, елін, жерін қорғаудың талаптары көшпенді халықтың бала бойына мергендік, ептілік, тектілік деген қасиеттерді сіңіруін талап етті. Ел билеген Томирис, Нарқыз сияқты батыр қыздардың шайқас кезіндегі қимыл тактикасының суреттелу бейнесін батырлық дастаннан жиі кездестіреміз. Бұл – бабалар дәуірінде гендерлік теңдіктің кең қанат жайғанының да бір дәлелі.

Ел іші – өнер кеніші деген халқымыз дене шынықтыру мен түрлі спорттық ойындарды бұқаралық сипатта сайысқа айналдыра білген. Көкпар тарту, палуан күресі, қол күресі, аударыспақ, арқан тарту, жамбы ату, қыз қуу, ат жарыс, бәйге, асық ату, бес тас т.б. ойын түрлерінің білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі мен дене тәрбиесі сабақтарында тиімді қолданылып жүргені көңіл қуантады. Қазақтың ғана емес, жалпы түркі халықтарының ұлттық ойындарын жаңғырта отырып балалардың бойына халық мұрасын сіңіріп, ұлттық сананың қалыптасуына үлес қосу ісі – оларды табандылыққа, төзімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтіні сөзсіз. Көптеген ұстаздарымыз ұлттық ойындарды ата-анамен ынтымақтастықты арттыруда мектепішілік сайыс, мереке ретінде өткізіп жүргені республикамыздың мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарының әдістемелік журналдарында жарияланған мақалалардан, түрлі тренингтер мен тамыз конференциясы материалдарынан аян. Осы мәселені арнайы зерттеу нысанына алып, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру әдістемелік құзыреттілігін ұлттық спорт материалы аясында зерделеп, қорғалған диссертациялардың қылаң беріп қалатыны да бар. Б.С.Омаровтың ғылыми жұмысында ұлттық спортты дене тәрбиесінің құралы тұрғысынан зерттеу мәселесі ұлттық спорт түрлері (тоғызотау және бесотау, «тоғыз арна» т.б.) ұлттық спорт түрлерінің (қазақ күресі, тоғызқұмалақ) әлемдік деңгейде қолдау табуын ескере отырып, білім беру сатыларында балалардың жас ерекшеліктеріне орай тәжірибеге ендірудің маңыздылығы дәлелденеді [1, 26 б.]. Дегенмен, көпшілік жағдайда өткізілген ойындардың сараптамасы жасала бермейтіні жасырын емес. Тұлға қалыптастырудағы ата-анамен ынтымақтастықты ұлттық ойындар арқылы ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін, әр ойынның өткізілу жиілігі мен дене дамуына, оқушы мінез-құлқының қалыптасуына әсерінің ата-анамен бірлесе бақылануын, сауалнама, кері байланыс арқылы ата-ана мен оқушы

қалауының ескерілу нәтижесін және аталғандардың барлығының кешенді түрде оқу үлгерімі мен тұлғаның мінез-қылығына әсерін зерттеу жұмыстары өз жалғасын табуды қалайды.

«Тұлға қалыптастырудағы бас жетекші – отбасы. Өз баласының даралық ерекшеліктерін тереңнен сезіну, оның тәрбиесінде қайталанбас жол таба білу мен сол тәрбиеге мейір, жүрек жылуын қосу тек ата-аналарға ғана берілген шеберлік»[4, 153 б.].

Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің аса көңіл бөлетін міндеттерінің бірі – қауіпсіздіктің сақталуы. Ата-анамен ынтымақтастықты арттыруда ұлттық ойын түрлерінен ұйымдастырылатын сайысқа ынта білдірген ата-ананың/ заңды өкілдің денсаулығы, қан қысымы, сайыс түріне орай бойы мен салмағы туралы мәліметтері, өтініші, хаттама т.б. құжаттар толтырылып, жинақталған болуы керек. Сайыс алаңы да талаптарға сай, эргономиялық ережелері ескеріліп, мектептің медицина қызметкері де ойын алаңында болуға міндеттеледі.

Ата-анамен ынтымақтастықты нығайтуда ұлттық ойындарды ұйымдастыру – көптің басын біріктіретін бұқаралық шара. Ата-ана мен мектеп ұжымын білім алушыны қоршаған қоғам мүшелері ретінде бірлестікте әрекет етуге, әр тараптың өз жауаптылығын сезінуіне ықпал етеді. Әрбір өткізілген шараның аналитикалық талдауын және білім алушының жеке тұлғалық дамуына мониторинг жасау арқылы ата-аналармен бірге ұйымдастырылған ұлттық ойындардың тиімділігін анықтауға болады. Мониторинг жүргізу үшін ұлттық ойындар сайысының критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеп, балалардың жеке басының дамуына әсерін анықтауға болады. Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің жіті бақылауына байланысты тұлға қалыптастырудың алдағы кезеңін жоспарлауға, тіпті жеке индивидтің қоғамда орнын табуын болжауға болады.

Қорытынды. Ата-анамен ынтымақтастықты нығайтудың түпкі мақсаты – заманауи білім мен тәрбиені сіңірген тұлға қалыптастыру. Білімділікті бағалау мүмкіндіктері педагогикада анық, ал тұлға тәрбиелілігін бағалау оңай емес. Тәрбие дағдымен, әдетпен, ал дағды жиілікпен өлшенетінін ескерер болса, оқушының дағдысын қоғамдағы әр түрлі жағдайдағы іс-әрекеттерін ескеріп, бақылап отырудан және бақылау кешенді түрде болатынын назарда ұстау керек. Кешенді түрде бақылауға бала сабақ уақытынан тыс кезде жасайтын дағдыларымен бірге алынады. Ата-аналардың көмегінсіз бұл бақылауды жүргізу мүмкін болмайтындықтан, алдымен, ата-ананы білім беру ұйымының жұмысына жұмылдыру қажет. Ата-анамен ынтымақтастық орнату және оны ұзақ мерзім бойы назарда ұстау үшін түрлі спорттық сайыстар ұйымдастырылады. Қазіргі білім беру ұйымдары бұл тәсілді айтарлықтай жиі қолдануда, десек те сол қолданыс нәтижелерін талдау, тұлға тәрбиесі ықпалын әдет жиілігі шарттарымен өлшеу, тәрбие дағдыларының білім игеру процесіне әсерін бағалау мәселелері, оған дене тәрбиесі мұғалімінің үлесі нақтылануды қажет етеді. Сонымен, дене тәрбиесі құралдарын мектептің тәрбие жүйесінде шығармашылықпен қолдану еліміздің «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» [11] тиімді жүзеге асырылуына әсер етеді деп қорытынды жасауымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында): филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300 – Педагогика және психология/ Б.С. Омаров. – Түркістан, 2015. – 199 б.

2 Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: монография [Текст]. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 250 б.

3 Доскараев Б.М. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: автореф. дисс. ... докт. пед. наук: 13.00.04/ Б.М.Доскараев. – Алматы, 2009. – 46 с.

4 Сисенбердиева А.Ж. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі (Оқулық) [Текст]. – Алматы, 2011. – 398 б.

5 Белегова Ә.А. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300 – Педагогика және психология/

Ә.А.Белегова. – Алматы, 2021. – 156 б. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://abaiuniversity.edu.kz/docs/doctoranti/begelova/Dissertation.pdf>

6 Opstoel K., Prins F., Haerens L. Transferring responsibility in primary school physical education: Experiences of five teachers participating in a professional development programme// *Teaching and Teacher Education*. – 2025. – Volume 153 January, 104844 б. [Электрондық ресурс]. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104844>

7 Kostynina L.I., Nazarenko O.S., Panova E.E. Morality as factor in improvement of professional skills of future physical education and sport specialists // *Teoriya i Praktika Fizicheskoy Kultury*. – 2020. – February Issue 2. – Pp. 12-14. [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.teoriya.ru/en/node/11942>

8 Bodnarchuk O. The Interaction of School and Family in Physical Education of First Grade Students// *Journal of Physical Education and Sport*. – 2018. - Volume 18. – Pp. 1092 – 1098. [Электрондық ресурс]. DOI: <https://doi.org/10.7752/jpes.2018.s2163>

9 Ohara Yu., Ichiya F.H., Maruyama K., Choudalakis I.G. Parental perspectives on children's soccer participation: influences, expectations, and the role of support in sports development// *Journal of Physical Education and Sport (JPES)*. – 2025. – Vol. 25 (issue 1). – Pp. 148 – 156. [Электрондық ресурс]. DOI: <https://doi.org/10.7752/jpes.2025.01017>

10 Жұмабаев, М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 47 б.

11 Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 87 б. [Электрондық ресурс]. URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

REFERENCES

1 Omarov, B.S. (2015). *Bolashak zhattyktyrushy-okytushylardyn ujymdastyru adistemelik kuzyrettiligin kalyptastyru (ulttyk sport materialynda): filos. dok. (PhD) ... dis.: 6D010300 – Pedagogika zhane psihologiya [Formation of Organizational and Methodological Competence of Future Coach-Teachers (Based on National Sports Materials): Doctor of Philosophy (PhD), ... Diss.: 6D010300 – Pedagogy and psychology] / B.S. Omarov, Turkistan, 45 p. [In Kazakh]*

2 Alimkhanov, E. (2018). *Kazaktyn ulttyk halyk oiyndary men sportynyn teoriyalyk zhane pedagogikalyk negizderi: monografiya [Tekst] [The theoretical and pedagogical basis of the Kazakh national folk games and sport: monograph [Text]].* Almaty: Kazak universiteti [Kazakh University], 250 p. [In Kazakh]

3 Doskaraev, B.M. (2009). *Istoriko-pedagogicheskie osnovy stanovleniya i razvitiya sistemy fizicheskoy kul'tury v Kazahstane: avtoref. diss. ... dokt. ped. nauk: 13.00.04 [Historical and Pedagogical Foundations of the Formation and Development of the Physical Culture System in Kazakhstan: Author's Abstract of a Dissertation for the Degree of Doctor of Pedagogical Sciences, 13.00.04].* Almaty, 46 p. [In Russian]

4 Sisenberdiyeva, A.Zh. (2011). *Dene tarbiesi teoriyasy men adistemesi (Okulyk) [Tekst]. [Theory and Methodology of Physical Education (Textbook) [Text]].* Almaty, 398 p. [In Kazakh]

5 Belegova, A.A. (2021). *Bolashak dene shynykytyru mugalimderinin reflektivtik madenietin kalyptastyru: filos. dok. (PhD) ... dis.: 6D010300 – Pedagogika zhane psihologiya [The Pedagogical Conditions for Reflexive Culture improvement of future teachers: Doctor of Philosophy (PhD), ... Diss.: 6D010300 – Pedagogy and psychology].* Almaty, 156 p. [Electronic resource]. – <https://abaiuniversity.edu.kz/docs/doctoranti/begelova/Dissertation.pdf> [In Kazakh]

6 Opstoel, K., Prins, F., Haerens, L. (2025). Transferring responsibility in primary school physical education: Experiences of five teachers participating in a professional development programme. *Teaching and Teacher Education*, Volume 153 January, Article number 104844. [Electronic resource]. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104844>

7 Kostynina, L.I., Nazarenko, O.S., Panova, E.E. (2020). Morality as factor in improvement of professional skills of future physical education and sport specialists. *Teoriya i Praktika Fizicheskoy*

Kultury [Theory and Practice of Physical Education], February Issue 2, 12-14. [Electronic resource]. URL: <http://www.teoriya.ru/en/node/11942>

8 Bodnarchuk, O. (2018). The Interaction of School and Family in Physical Education of First Grade Students. *Journal of Physical Education and Sport*, Volume 18, 1092 – 1098. [Electronic resource]. DOI: <https://doi.org/10.7752/jpes.2018.s2163>

9 Ohara Yu., Ichiya F.H., Maruyama K., Choudalakis I.G. (2025). Parental perspectives on children's soccer participation: influences, expectations, and the role of support in sports development. *Journal of Physical Education and Sport (JPES)*, Vol. 25 (issue 1), Art 17, 148 – 156. [Electronic resource]. DOI: <https://doi.org/10.7752/jpes.2025.01017>

10 Zhumabaev, M. (1992). *Pedagogika [Pedagogy]*. Almaty: Ana tili [Native language], 47. [In Kazakh]

11 Birtutas tarbie bagdarlamasy. *Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrligi [Unified Education Program. Ministry of Education of the RK]*. Astana: Y. Altynsarin atyndagy Ul'tyik bilim akademiyasy [National Academy of Education named after Y. Altynsarin], 87. [Electronic resource]. URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

Турыскулов У.Ж.¹, *Жолдасбекова Б.А.², Шегенбаев Н. Б.³, Каратаев А. О.⁴

^{1,3,4} Южно-Казахстанский педагогический университет им. Өзбекәлі Жәнібеков,

² Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,

^{1,2,3,4} Казахстан, Шымкент

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА С РОДИТЕЛЯМИ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ

Аннотация

В статье рассматривается роль учителя физической культуры в формировании личности в образовательных организациях, а также эффективность организации соревнований по национальным играм в сотрудничестве с родителями. В сфере образования всегда предъявлялись высокие требования к формированию личности через воспитание и обучение. В настоящее время особо возрастает значение работы с родителями в рамках формирования национальных ценностей. Известно также, что на развитие интеллектуальных способностей подрастающего поколения влияет нейромышечная координация, быстрота развития которой требует частоты и стабильности.

В специальном литературном обзоре рассмотрены значение национальных игр, организуемых совместно с родителями, которые помогают выявить интересы и склонности обучающихся, делается акцент на необходимость проведения анализа проведенных соревнований, обратной связи, мотивации к участию в последующих соревнованиях, организации трехразовых занятий в неделю по физической культуре, а также на влияние соревнований с родителями на аффективные действия и поведение учащегося и корреляцию между изменениями в успеваемости и данными факторами.

Эффективность национальных игр, организуемых совместно с родителями, зависит от результатов практико-ориентированных педагогических подходов учителя физической культуры, и может быть определена посредством проведения мониторинга развития личности учащегося. Рассматривается также значимость каждого внутриклассного и школьного соревнования в формировании личности, их влияние на комплексную организацию воспитания и обучения.

Ключевые слова: национальные игры, воспитание, формирование личности, сотрудничество с родителями, безопасность образовательной среды, мотивация, урок физической культуры.

Turyskulov U. Zh.¹, *Zholdasbekova B.A.², Shegenbayev N.B.³, Karatayev A.O.⁴

^{1,3,4} Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University

² M. Auezov South Kazakhstan University

^{1,2,3,4} Kazakhstan, Shymkent

THE EFFECTIVENESS OF ORGANIZING COOPERATION WITH PARENTS THROUGH NATIONAL GAMES

Annotation

The article under research deals with the contribution of Physical Education teacher in the formation of personality in educational institutions and the effectiveness of organizing competitions on national games in cooperation with parents. There are high demands in education system for the formation of personality, and nowadays the importance of up-bringing and education, cooperation with

parents, national values have been increased. It is known that the neuromuscular coordination, the rapidity of the frequent and stable development impacts for the development of intellectual skills of young generation.

The authors have done a literature review on the following issues: the importance and essence of national games organized together with parents that help to determine interests and motivation of children, analysis of held competitions, feedback and motivation to participate in the next competition, contribution of physical education classes held three times a week, the influence of competitions with parents on affective actions and behavior of the student, the effect of competitions held with parents on student's behavior, and the correlation of changes in class progress.

The effectiveness of national games organized with parents depends on the results of practically-oriented pedagogic approaches of Physical Education teacher, and might be determined by means of providing monitoring of personality development of the student. The authors also consider the importance of each in-class and school competitions for the formation of the personality, and their impact on complex organization of up-bringing and education.

Keywords: national games, child education, formation of personality, cooperation with parents, safety of educational environment, motivation, physical education lesson.

Редакцияға түсті: 15.04.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 16.05.2025

Жариялауға қабылданды: 27.06.2025